



Бекіту сабағы

Әлемдегі қызықты мамандықтар

В1 орта деңгей



Оқытушы: Балайым Өмірзаққызы



Тапсырмалар орындау

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Дәрігерлер, IT-мамандары мен құрылысшылар. Ресейлік басылымның зерттеуі бойынша әлемде халықтың сұранысын тудырып отырған мамандықтар – осылар. Ал, әлемде ең сирек кездесетін және қызықты саналатын кәсіптер туралы естуіңіз бар ма?



Бесінші орын – доп жинаушы. Гольф пен теннис ең көп тараған спорт түрі десе де болады. Ал, ойын барысында доптардың жоғалып кетпеуін қадағалап, оларды жинап отыратын жандар да бар және допты әкеліп беру де солардың мойнында.

Төртінші орын – құмырсқа аулаушы. Олар құмырсқаларды жинап, арнайы орталыққа тапсырады. Ал, орталық оларды өсіріп, дәрі-дәрмек жасауға пайдаланады.



Үшінші орын – пингвиндерді көтеруші. Антарктидада мекен ететін бұл құстар аспаннан ұшақ көрсе, мойындарын созып қарайды екен. Мойындарын созған соң, шалқасынан құлап түседі. Ал, олар арқасымен құлаған жағдайда өздігінен қайта тұра алмайды. Міне, құстарға көмекші жандар оларды қайта тұрғызады.



Екінші орын – тыңдаушының жұмысы. Оның міндеті – кез келген жанды мұқият тыңдап, оның қуанышы мен қайғысына ортақтасу. Сөйлеушінің әр қалжыңына күліп, әр ойымен келісіп, басын изеп отыру. Бір қызығы, бүгінде Токио көшелерінде осы кәсіппен айналысатындар саны артып келеді.



Бірінші орын – ит секілді үретін жандар. Швейцарияда ит сатып алсаңыз, мемлекетке салық төлеу міндеттелген. Кейбір жандар ит сатып алады да, ақша төлеуден бас тартады. Осы кезде көмекке келетін иттің дауысын салып, үре білетін жандар. Олар үрген кезде үйдегі ит «жауап» береді. Осылайша, қай үйде ит бар екені анықталады. Егер оның жүйеге тіркелмегендігі анықталса, қожайын айыппұл төлеуге міндетті.





ЖАЗЫЛЫМ

2.Мамандықтардың кейбір ерекше мінездемелері ұсынылған, берілген мінездемеге сәйкес келетін мамандықты жазыңыз.

«Ең»

Ең ақшасы көп(банк қызметкері, экономист).

Ең жасыл(эколог, географ, бақташы, гүл өсіруші).

Ең тәтті(аспаз, кондитер).

Ең күлкілі(клоун, карикатурашы).

Ең жауапты(сот, бухгалтер).

Ең салмақты(мұғалім, заңгер).

Ең қарым-қатынасы күшті(бизнесмен).

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

2.Қазіргі заманның табысты мамандары

1) Аниматор – суретке жан бітіруші. Мультипликатор – мультфильмдерге арналған суреттер салушы. 3D-аниматор – үш деңгейлі графиканы өңдеуші дизайнер. Мұндай мамандар мультфильмдерді және арнайы эффектілер мен телевидениеге арналған заставкаларды жасайды. Қазіргі таңда кинолар мен мультфильмдер, телеарналар осынысымен өтімді болып отыр.





2) Декоратор – түрлі мекемелерді, ғимараттардың ішін әсемдеуші. Театр түсірімдеріне арнайы сурет, графика. Сәулет туындыларын таңдап, техникалар жарықтандыру құрылғыларын орнатушылар. Бүгінде біздің театрларымыздың сахналары әлі ескі үлгімен жасалған. Ал шетелдік тетрлардың барлығы заманға сай көркемделуі арнайы мамандардың араласуымен жүзеге асады.

3) Витражист – көрмедегі және дүкендердегі заттарды тартымды етіп орналастыра білетін мамандар. Олар сөрелердің және олардың бөлшектерінің дизайнын жасап, көрме кешендерін әрлендіреді.



4)интерьер дизайнері – үйіміздегі немесе кеңсеміздегі жиһаздарымызды талғаммен орналастыра білетін мамандар. Бұл да қазіргі заманның таптырмайтын мамандары.



5) Грим жасаушы суретші. Бұл мамандықтың құрамына төрт мамандық сыйып кетеді, яғни шығармашылық бірлестік деп атауға болады. Бұл бірлікке қоюшы-суретші кіреді. Суретші кейіпкерге тән бет-бейнені жасап, режиссермен тығыз байланыста жұмыс істейді.

**Назарларыңызға
рақмет!**

The background of the slide is a vibrant blue. On the right side, there are abstract, flowing lines in shades of purple, pink, and yellow, resembling smoke or liquid. A faint, semi-transparent image of a globe is visible in the background, centered behind the text.